

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Алматы облысы, Қонаев қаласы «Ақдидар» бөбекжай-балабақшасы

Уалиева Балжан Досанқызы
Аяғанова Айгерім Абайқызы

**Мектепке дейінгі білім беруде ұлттық құндылықтарды
қалыптастыру әдістемесі**
Авторлық бағдарлама



Қонаев қаласы, 2024 жыл

ӘОЖ 378.6
КББ 73.109
У-94

Сарапшы: Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Л.Т. Сайдахметова

Уалиева Б. Д., Аяғанова А. А. Мектепке дейінгі білім беруде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдістемесі. Балабақшаға арналған авторлық бағдарлама. Алматы, 2024 жыл.- 60бет.

Авторлық бағдарламада мектепалды даярлық тобындағы бабалардың патриоттық сезімдерін оятып, Отансүйгіштікке, елді, жерді құрметтеуге тәрбиелеу бағытындағы әдістемелік-дидактикалық материалдар берілген. Балалардың есте сақтау, мәнерлеп айту, жаттау, сахналау, суреттеу, сипаттау қабілеттерін дамытатын өлеңдер мен аңыз-әңгімелер, ертегілер мен мысалдар қамтылған.

Авторлық бағдарлама балабақша тәрбиешілері мен әдіскерлеріне, жас мамандарға арналады.

© Уалиева Б. Д.

© Аяғанова А. А

Түсіндірме жазба

Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім-болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ұлттық салт-дәстүр, ұлттық әдебиет пен мәдениет арқылы тәрбие мен білім беру. Кез келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі –тілі, екіншісі –діні, үшіншісі–дәстүрі, төртіншісі –тарихы, бесінші-атамекені. Ұлттық дәстүр мен ұлттық болмыс дүниете рухани мәдениет негізіне ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді,соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі - өзім, екіншісі – халқым»-дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланыжамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратынқұлықты болуын,сұлу сөз сйқырлы ұн.әдемі өң мен түрлі ләззат ала білетін, һәм байсалды, ойлы, шымыр болып өсуіне ұлт

тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Ұрпақ тәрбиесіне кешігу дегеніміз мертігумен бірдей. Тәрбие бала тумап тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс. Жас ұрпақты тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз. Сондықтан жас баланы нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- ұлттық ойындар арқылы ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу;
- салт-дәстүр арқылы ұлтжандылыққа, қазақ халқының болмысындағы кеңпейілділік, қонақжайлылық, ар-намыс, шыншылдық, бауырмалдық сынды қасиеттерге баулу;
- қазақ халқының Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би секілді тұлғаларының нақыл сөздері мен жыр жолдар ыарқылы өмірлік құндылықтар мен ұлттың парасатты ойларының әліппесін түсінуге бейімдеу;
- қазақ халқының Отан қорғаған батырлары мен олардың ерліктері арқылы елін, атамекен жерін қастерлеуге, қорғайтын тұлға болып қалыптасуға тәрбиелеу және т.б. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін балалардың бойында ұлттық сана, ұлттық рух сезімін қалыптастыру арқылы туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеуге баулудың маңызы зор.

«Мектепке дейінгі білім беруде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдістемесі»
авторлық бағдарламасының
күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Р / С	Тақыры-бы	Сағат саны	Мақсаты	Негізгі түсініктер	Білімдерін, икемділіктерін дағдыларын қалыптастыру	Өткен тақы- рып бойынша білімдерін пысықтау
-------------	-----------	---------------	---------	-----------------------	---	--

1	«Мен қазақпын»	2	Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет ғұрпы және мәдениеті туралы түсінік қалыптастыру, Ж. Молдағалиевтің «Мен қазақпын» өлеңін жаттату 	Тәуелсіздік, Егемен ел, Қазақстан, азаттық	Есте сақтау, мәнерлеп айту, сөздік қор, сөз саптау, сөйлем құрау дағдыларын қалыптастыру	«Хан-талапай» ойыны арқылы пысықтау
2	Тәуелсіздік, қасиетім, киелім!	2	Тәуелсіздік туралы түсінік қалыптастыру, елге, туған жерге жеген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, тәуелсіздік туралы ән-жырларды жаттату,	Тәуелсіздік, Егемен ел, Ту, Елтаңба, әнұран	Есте сақтау, мәнерлеп айту дағдыларын дамыту, сөздік қор, сөз саптау, сөйлем құрау дағдыларын қалыптастыру	-«Бәйге» ойыны арқылы пысықтау
3	«Үш бақытым» М. Мақатаев	2	М. Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңінің мазмұнын түсіндіру; мәнерлеп, айта білуге үйрету; сөздік қорын байыту. Отанға, елге, жерге деген патриоттық сезімдерін ояту.	М. Мақатаевтың өлеңіндегі «Үш бақыт»: халық, ана тіл, Отан	Есте сақтау, жаттау, мәнерлеп айту дағдыларын дамыту, сөздік қор, сөз саптау, сөйлем құрау дағдыларын қалыптастыру	«Ыстық доп» әдісі. Балаларды шеңбер бойына жинап, допты лақтыру арқылы жаттату.
4	Қазақ халқының батырлары	2	Қазақтың елін-жерін қорғап қалған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек сынды батырлары туралы түсінік қалыптастыру	Батыр, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек	Батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдер жаттайды. М. Мақатаевтың «Райымбек» поэмасынан үзінді жаттайды	«Көкпар» ойыны, ішінде сұрағы бар «көксеркені» үш топқа бөлінген балалардың қазандығынан алып, соған жауап береді

5	Ұлттық аспаптар	2	Қазақ халқының ұлттық аспаптары домбыра, жетіген, шертер, сыбызғы, қобыз туралы мәлімет беру. Олардың әрқайсысының ерекшелігін түсіндіру 	Қазақ халқының ұлттық аспаптары домбыра, жетіген, шертер, сыбызғы, қобыз	Тыңдалым, дыбыстау, айтылым, сөз саптау дағдыларын жетілдіру	Бейнефильм көрсету арқылы сұрақ қойып, жауап алу
6	Ұлттық ойындар	2	Қазақ халқының ұлттық көкпар, бәйге, алтыбақан, ақсүйек, теңге ілу сынды ойындарымен таныстыру, ойын ойнау шарттарынан мәлімет беру	Көкпар, бәйге, ақсүйек, теңге ілу, соқыртеке	Өз пікір айтуға, ойын анық жеткізуге дағдыландыру	«Хан-талапай» ойыны арқылы сұрақтарға жауап береді
7	«Бабадан қалған асыл сөз. Қазақ халқының билері	2	Қазақ халқының билері: Төле би, Әйтеке би. Қазыбек билер туралы түсінік қалыптастыру	Төле бидің нақыл сөздерінің мағынасын түсіндіру	Мазмұндау, мәнерлеп айту, жаттау дағдыларын жетілдіру	«Бала Төленің тапқырлығы» рөлдік ойын
8	Ұлттық салт-дәстүрлер	2	Ұлттық салт-дәстүрлердің маңызы мен мәнін түсіндіру.	Салт-дәстүр. Тұсау кесу, бесік той, сырға салу	Мазмұндау, өз пікірін айту, салыстыру, ойлау қабылеттерін дамыту	Ұлттық нақышта қыз баланы және ұл баланы киіндіру
9	«Тұсау кесу»	2	Тұсау кесу дәстүрінің мәні мен маңызын түсіндіру	Рөлдік ойын арқылы тұсау кесу рәсімін ұйымдастыру, «тәй-тәй» жыфрын жаттату	Мақал-мәтелдер айтқызу арқылы сөз байлықтарын дамыту.	«Қазақ үй құру» ойыны арқылы бекітеміз

1 0	Ұлттық тағамдар	2	Ұлттық тағам түрлерімен таныстыру, жасау жолдарын түсіндіру.	Ет, құрт, ірімшік, бауырсақ	Құрт жасау жолын көрсету	«Бауырсақ» пісіру ойыны арқылы бекітеміз
1 1	Ұлттық киімдер	2	Ұлттық киім түрлерімен таныстыру, ер балаларға және қыз балаларға арналған киімдердің ерекшелігін түсіндіру, ою-өрнек туралы мағлұмат беру.	Тақия, бөрік, сәукеле, шапан, бешпет түрлері	Есте сақтау, жаттау дағлыдарын дамыту	«Қуыршақты киіндір» ойыны арқылы бекіту
1 2	Киелі киіз үй	2	Киіз үй құрылымымен таныстыру, шаңырақ, кереге, есік, уық жайлы мағлұмат беру.	Шаңырақ, уық, кереге, табалдырық	Мақал-мәтелдер айтқызу, үзінді жаттату арқылы балалардың тіл байлығын дамыту	Жайлауға саяхат жасау Қазақ үй макетін жасау
1 3	Ұлттық сәндік қолданбалы өнер	2	Қыз-келіншектерге арналға ұлттық сәндік бұйымдармен таныстыру, білезік, алқа, шашбау, жүзік туралы түсінік беру	Шашбау, алқа, білезік, жүзік түрлерімен таныстыру.	Жұмбақтарды шешеді, жыл бойы өткен ертегілерін есте сақтаған ертегі-әңгімелерін (мысал ертегі т.б) балалар баяндайды.	«Сакина салмақ» ойыны арқылы пысықтау
1 4	Наурыз мейрамы	2	Наурыз мейрамының мәні мен маңызы, тарихы туралы түсінік беру.	Наурыз, ақ мол болсын, ұлыс оң болсын батасының мазмұнын түсіндіру	Наурыз мекересінде жасалатын дәстүрлер, ұлттық тағамдар	Наурыз туралы тақпақ жаттау
1 5	Қасиетті Қазақстан!		Наурыз көженің құрамы, дайындалу жолы туралы түсінік беру	Наурыз көжеге қосатын дәнді - дақылдар және олардың адам	Балалар аналары Наурыз көжені қалай дайындайтынын әңгімелеп береді.	«Наурыз көже» дайындау ойыны. Наурыз көже қазанына оның құрамына қажетті тағамдарды жинақтайды.

				ағзасына пайдасы		Қазан сыртына «Наурыз көже» деп жазылады.
1 6	«Асар» дәстүрі туралы түсінік	2	«Асар» дәстүрінің мақсаты мен міндеттері туралы түсінік беру, ұлтық дәстүрлер жайлы білімдерін бекіту; байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.	«Асар» қандай жағдайда жүзеге асады?	Балалар топта рөлдік ойын арқылы «Асар» жасап қазақ үй макетін құрастырады.	Сахналау, рөлдік ойын
1 7	«Дос болам десең...» М. Мақатев.	2	Достық ұғымы туралы түсінік беру. Өлең жолдарындағы «Досым, саған сенемін. Сеніп өтем!» деген жолдарындағы, сенім, адалдық туралы түсінік беру.	Өлеңді жаттап, мәнерлеп айтыға бейімдеу.	Достық туралы мақал-мәтелдерді талдайды.	«Ашық микрофон» ойыны.
1 8	«Бабаларым, рақмет сендерге!» М. Мақатев.	1	Қазақ елін, жерін қорғап қалған бабалар ерлігі туралы тарихи деректер келтіре отырып өлеңнің мәнін түсіндіру. Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек сынды батыр бабалар жайлы мәлімет бері, ҰОС ерлік көрсеткен батыр бабарлар туралы түсінік беру.	Ер балалар бата жаттайды, бата беруді үйренеді	Бата жаттау	«Сикырлы қоржын» әдісі арқылы бекіту Қоржыннан балалар цифр жазылған асық алып, сол сұрақтарға жауап береді

**«Мектепке дейінгі білім беруде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдістемесі»
авторлық бағдарламасы
оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

Авторлық бағдарлама	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	«Мен қазақпын»
Мақсаты:	Ұлтжандылыққа, елін-жерін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөз байлығын, сөйлеу тілін дамыту.
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Ту, елтаңба, әнұран
Сөздік жұмыс:	Мен қазақпын, мың өліп мың тірілген
Билингвалды компонент:	Тәуелсіздік-независимость

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер құру Күндей жарық,айдай арайлы, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.	Балалар өлең сөзін бірге айтады
Ұйымдастыру іздестіру	Ноутбуктен баяу «Ата толғауы» күй ойналады. Өлең оқу: <i>Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген. Жөргегімде таныстым мұң тілімен Жылағанда жүрегім, күн тұтылып, Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.</i> <i>Мен – қазақпын, ажалсыз анамын мен, Құрсағыма сыйдырам даланы мен. Пәк сәбимін бесікте уілдеген, Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен.</i> <i>Мен – жігітпін, айқасқа, сынға асықпын. Жүрегі бар кеудемде шын ғашықтың. Жанартаудай жойқынмын жұлқынғанда, Шарықтасам, қыран боп шыңға шықтым.</i>	Балалар өлеңді тыңдайды Сұрақтарға жауап береді

	 Балалар, бұл осы өлеңді жазған ақын – Жұбан Молдағалиев. Сергіту сәті Күндей жарқыраймыз (<i>қолдарын жоғары созады</i>) Құстай ұшамыз (<i>қолдарын екі жаққа созып, қағады</i>) Ағаштай жайқаламыз (<i>екі-жаққа кезекпен теңселеді</i>) Бұлақтай сылдыраймыз (<i>алақандарын соғады</i>) Таза ауамен тыныстап (<i>терең тыныс алады</i>), Орнымызға отырамыз (<i>орындарына отырады</i>). Тәуелсіздік шежіресі Бейнефильм көрсету: https://www.youtube.com/watch?v=v7MW0IFZXMc Сөздік жұмыс <i>Тәуелсіз мемлекет</i> Азаттық Бостандық Бірлік Ынтымақ Кітап бұрышына саяхат -Балалар қараңдаршы мына сөреде нелер тұр? -Кітаптар көп пе? Аз ба? -Ал кітаптарды ашып қараңдаршы, кімнің кітаптары деп ойласыңдар? Иә, бұл кітаптардың бәрі Абай Құнанбаевтың кітаптары. Иә, бізге бұл көп. Бірақ бұл кішкене бөлігі ғана. Абай атаның кітаптары бұдан да көп. Өте көп. Көптеген үлкен шығармалары жазылған қалың кітаптары бар. Сендер ол кітаптармен кейін мектепке барған кезде, немесе есейгенде таныса-тын боласыңдар. -Балалар бізге оқу білім керек пе? -Не үшін керек? Балаларға оқу білім туралы мақал-мәтелдер айтқызу <i>Оқусыз білім жоқ</i> <i>Білімсіз күнің жоқ</i> <i>Оқу білім бұлағы,</i> <i>Білім өмір шырағы.</i>	Өлең сөзі бойынша қимыл-қозғалыс жасайды Жаңа сөздермен танысады Деректі фильм көреді Әртүрлі жауаптары Мақал-мәтелдерді есте сақтауға тырысады, бірге қайталап айтады
--	--	---

Рефлексивті түзетушілік	«Бес саусақ» әдісі бойынша балалардың алған білімдерін бекіту. <i>Бас бармақ-Мен бүгін не алдым?</i> <i>Балан үйрек-Маған не ұнады?</i> <i>Ортан терек-Мен кімге көмектестім?</i> <i>Шылдыр шүмек-Маған не қиын болды?</i> <i>Кішкене бөбек-Менің көңіл-күйім ...</i> Балаларды мақтау.	«Түймедақ» әдісі бойынша балалар алған білімдерін бекітеді
--------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	Тәуелсіздіктің маңызын
Игерді	Қазақ халқы туралы түсінікті;
Біледі	мақал-мәтелдер айтуды, мазмұндауды

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Авторлық бағдарлама	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Ұлттық киімдер
Мақсаты:	Балаларды өнер-білімге деген қызығушылықтарын ояту;Абай өлеңінің мағынасын түсіндіру;өлең сөздерін анық,дұрыс атқыза отырып тіл байлықтарын арттыру.
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Ту, елтаңба, әнұран суреттері
Сөздік жұмыс:	Тәуелсіздік, азаттық, елтаңба әнұран
Билингвалды компонент:	Тәуелсіздік-независимость,білімді -образованный

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	«Күлімдейік» - Балалар адам жанының, жүрегінің кілті біздің езуімізде. Егер біз үнемі достарымызға, ата - анамызға, апайларға күлімдеп, жадырап көңілді жүрсек біз мейірімді, ақылды болып өсеміз. Жан - жағымызға күлкі сыйлайық. Олай болса кел, балалар күлейік!	Балалар шеңберге тұрып бір-біріне күлімдеп қарайды
Ұйымдастыру іздестіру	- Балалар барлығы тақия киіп келеді - Ер адамдарға: тақия, бөрік, тымақ, қалпақ. Әйел адамдарға: тақия, сәукеле, бөрік, орамал, кимешек. Сәукеле ең сәнді, күрделі баскиім. Сәукеле- қалыңдықтың бас киімі. Оны той өткенше киетін болған. Сәукеленің төбесін асыл тастармен, алтын, күміспен әшекейлейтін болған. Тымақ пен бөрікті аң терісінен, сеңсеңнен жасап, барқыт пен атласпен тыстаған.	Балалар сұрақтарға жауап береді



жұмыс

3.Сөздік



Жадағай, шапан, жарғақ шалбар, күпі, сырмалы шапан, тайжағы, тон, ішік, шапан, шидем.-
- астана туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Тәрбиеші оқиды:

*Қазақтың кең байтақ даласы,
Алтай мен Атырау арасы.
Сарыарқа жерінде,
Орнады төрінде
Асқақ арманды қаласы.*

*Жарқыраған жас қала.
Жерімнің кіндігі,
Елімнің бірлігі,
Жасай бер,
Жасай бер, Астана!*

*Жағалай ерекше Есілді,
Нұр қала, гүл қала көсілді.
Астана наздана,
Мезгілде аз ғана
Қазақтың мерейін өсірді.*

5. Балалармен бірге айту:

-дыбыстарды дұрыс анық айтқызу;
-әр сөзге тоқталып түсінік жасау;
(екінші сағатта жаттату)

Өлең 3 түрлі дауыста жаттату

Өлеңді мұқият
тыңдайды

Әнұран орындайды

Жауаптары

Қимыл-қозғалыс
жасайды

Өлеңді жаттайды

	Баяу Орташа Қатты Дидактикалық ойын: «Не артық?» Шарты: Балаларға суреттер таратылады. Суреттер ішінен астанаға қажетті заттарды атату. Артығын сызғызып тастату.	
Рефлексивті түзетушілік	«Ашық микрофон» әдісі арқылы қорытындылау Микрофон арқылы балалардан сұхбат алу: -Бүгін қандай өлеңмен таныстық? --Ол өлеңде не жайлы айтылған? Балаларды мадақтау.	Жауаптары тыңдалады

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	өлең сөздің мағынасын;
Игерді	өлеңді мәнерлеп айтуды;
Біледі	сұрақтарға толық жауап беруді

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Авторлық бағдарлама	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	«Үш бақытым» М. Мақатаев
Мақсаты:	Балаларды ғылым, білімге бейімдеу, адамгершілік тәрбие беру; өлең мазмұны бойынша «Үш бақыт» құндылығын түсіндіру.
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Қазақстан туы, елтаңбасы, картасының суреті
Сөздік жұмыс:	Халық, Отан, тіл
Билингвалды компонент:	Халық- народ, Отан-родина, тіл язык

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Сәлем бердік алтын күн, Сәлем бердік ашық аспан Сәлем бердік Жер-Ана, Сәлем бердік баршаға!	Балалар туған еліне деген өз тілектерін арнайды
Ұйымдастыру іздестіру	-Балалар, саяхатқа барғыларың келе ме? Ендеше бүгін біз сендермен «Қарасаз» деген ауылға саяхатқа барамыз. Қарасаз ауылында Мұқағали Мақатаев деген ақын туылған.	Иә,барғымыз келеді Қызығушылық танытады



- Бұл Мұқағали Мақатаев атамyzдың суреті.
 - Қазір біз оның ауылна саяхатқа барып, оның музейін көреміз, кеттік!
 - Бейнефильм көрсетіледі:
- Дереккөз: https://www.youtube.com/watch?v=lAbh1pZ_GOs

- Балалар сендерге Мұқағали атаның мұражайы ұнады ма?
- Мұқағали атамyz қай ауылда дүниеге келіпті?
- Ал енді Мұқағали Мақатаев атамyzдың «Үш бақытым» деген өлеңі жайлы бейнефильм тамашалайық:
- Дереккөз: <https://www.youtube.com/watch?v=nb2nwF6aQ4w>

Тәрбиеші:

- Балалар, Мұқағали атамyz өлеңінде бірінші бақыт деп нені айтады?
- Екінші бақытым деп нені атайды өлеңде?
- Үшінші бақытымыз не екен?

Тәрбиеші мәнерлеп оқиды:

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

-Балалар өлең ұнады ма?

Жаңа
сөздердің
мағынасын
түсінеді.

Балалар
өлеңді
жаттайды

	-Қалай аталады? - Сонымен «Үш бақыт» деген қандай нәрселер екен? (екінші сабақта өлеңді сызба бойынша жаттайды)	
Рефлексивті түзетушілік	«Ыстық доп» әдісі бойынша қорытындылау. -Балалар біз қайда бардық? -Онда кімдерді кездестірдік? -Мақатаевтың қандай өлеңімен таныстық?	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	тіл туралы түсінікті;
Игерді	өлең мазмұнын, жатқа айтуды;
Біледі	сұрақтарға жауап беруді, Отан туралы мақалды.

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Авторлық бағдарлама	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Қазақ халқының батырлары
Мақсаты:	Қазақтың елін-жерін қорғап қалған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек сынды батырлары туралы түсінік қалыптастыру
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Райымбек, Қабанбай, Бөгенбай батырлардың суреттері, интерактивті тақта, ноутбук
Сөздік жұмыс:	Батыр, Райымбек, Бөгенбай, Қабанбай
Билингвалды компонент:	Батыр - герой

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Қаражорға биін билеу	Балалар бірге қол ұстасып,дауыстап айтады
Ұйымдастыру іздестіру	Кіріспе -Балалар Мұқағали Мақатаевтың қандай өлеңімен таныстық? - Балалар, елін-жерін жаудан қорғаған адамдарды қалай атайды? -Қандай батыр бабаларды білесіңдер? Жаңа сабақ - Бүгін біз қазақ батырлары туралы білетін боламыз: - Қане бейнефильм тамашалайық: Дереккөз: https://www.youtube.com/watch?v=8Y_DA0CmivA -	Жауаптары тыңдалады «Интернатта оқып жүр,талай қазақ баласы» өлеңімен танысады Интернатта оқып жүр

	 - - - Балалар, бейнефильмде қандай батырлар туралы мәлімет алдыңыздар? - Қарасай батыр қандай ерліктер көрсетіпті? - Бөгенбай батыр қай елмен достастығымды дамытыпты? - Қабанбай батыр туралы не білдіңіздер?   Райымбек Түкеұлы - 1705, қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданында туылған. Райымбек 17 жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсетіп, батыр атанды. Қалмақтың Бадам, Қорын, Ағанас, Секер, т.б. хан, ноян, батырларын жекпе-жекте жеңіп, Қаратау өңірі мен Жетісуды жаудан азат етуге басшылық жасағандардың бірі болған. Торайғыр және Сөгеті таулары аралығындағы “Ойрантөбе” деген жерде өткен шайқаста ерекше көзге түсті. - Балалар бүгін біз қандай батырламен таныстық? - Жақсы, кәне сергіту жаттығуын жасайық:	Талай қазақ баласы – Жаңа өспірім, көкөрім, Бейне қолдың саласы. Балам закон білді деп, Қуанар ата-анасы, Ойында жоқ олардың Шариғатқа шаласы. Орыс тілі, жазуы – Білсем деген таласы. Прощение жазуға Тырысар, келсе шамасы. Ынсапсызға не керек Істің ақ пен қарасы? Нан таппаймыз демейді, Бүлінсе елдің арасы. Жауаптары Бойларын сергітеді
--	---	--

	Сергіту сәті <i>Шаршасаңдар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын Саналарың тынықсын.</i> 3.Сөздік жұмыс Батыр, Райымбек, Қабанбай, Наурызбай, Бөгенбай Жоңғар шапқыншылығы 4.Қайта оқу 5.Балалармен бірге дауыстап қайталату 6.Мәтінімен жұмыс: суретке қарап әңгімелеу (Екінші сабақта жаттату) Ойын: «Кім көп біледі?» Оқу-білім туралы мақал-мәтелдер айтқызу.	Жаңа сөздермен Батыр, Райымбек, Қабанбай, Наурызбай, Бөгенбай Бірге қайталайды Әр дыбысты,сөзді анық айтуға үйренеді Мақал-мәтелдер айтады
Рефлексивті түзетушілік	«Бес саусақ» әдісі бойынша балалардың алған білімдерін бекіту. <i>Бас бармақ-Бүгін не үйрендіңдер? Балан үйрек-Сендерге не ұнады? Ортан терек-Қандай жұмыс жасадыңдар? Шылдыр шүмек-Не қиын болды? Кішкене бөбек-Көңіл-күйлерің қандай?</i> Балаларды мақтау.	Балалар өздерін бағалайды 

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	дыбыстар мен сөздерді анық айтуды;
Игерді	өлең мазмұны, жаттауды
Біледі	сұрақтарға толық жауап беруді.

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі - ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Қазақ халқының ұлттық аспаптары
Мақсаты:	Қазақ халқының ұлттық аспаптары домбыра, жетіген, шертер, сыбызғы, қобыз туралы түсінік қалыптастыру
Көрнекілік, көрнекі құрал-жабдықтар:	Ұлттық аспаптардың суреті, ноутбук, интерактивті тақта
Сөздік жұмыс:	Домбыра, қобыз, жетіген, сыбызғы
Билингвалды компонент:	Домбыра, қобыз, жетіген, сыбызғы

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Жылулық шеңбер Балаларды жылулық шеңберіне тұрғызып, бір біріне жылы лебіздерін айтқызу	Бір біріне жылы лебіздерін білдіреді
Ұйымдастыру іздестіру	Кіріспе -Балалар, мынау ненің суреті, білесіңдер ме? - дұрыс айтасың домбыра, бұл қазақ халқының ұлттық аспабы? -Ал, мына аспап қобыз деп аталады. Қазір Қазақ халқының ұлттық аспаптары туралы бейнефильм тамашалаймыз: Бейнефильм көрсету: Дереккөз: https://all.aikyn.kz/tariyq/%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%82%D1%8B%D2%A3-%D2%B1%D0%BB%D1%82%D1%82%D1%8B%D2%9B-%D0%B0%D1%81%D0%BF%D0%B0%D0%BF%D1%82%D0%B0%D1%80%D1%8B.html -Балалар, бейнефильмде тағы қандай ұлттық аспаптарды көрдіңіздер? - Сыбызғы-үрмелі аспап, ертеде қурайдан жасаған. -жетігеннің неше ішегі болады екен? Сергіту сәті	Суретке қарап жауап береді Құмырсқа Шегіртке Сурет бойынша әңгімелейді

	(тәрбиеші қимылмен көрсетеді, балалар қайталайды: - Домбыра ойнап көрейік - Қобыз қалай тартылады екен - Сыбызғы тартып көрелік - жетігенде қалай ойнайды, көресетеміз - дауылпазды қалай соғамыз? - Өте жақсы, бабалар енді керемет күй тыңдаймыз. Бейнефильм көрсету: Дереккөз: https://www.youtube.com/watch?v=40gkkrlyOSA	Өлең сөзіне байланысты қимыл-қозғалыс жасайды
	3.Сөздік жұмыс <i>шырылдауық,гөлайттан,сауықшыл</i>-сөздеріне сөздік жұмыс жасату 4.Мнемотехникамен жұмыс -сызбамен таныстыру; - сызбасы бойынша бірге айту; -Кезекпен айтқызу Шығармашылық жұмыс Құдірет бар домбыра ішегінде, Қолыма алып қаққанмын мүшелімде. Мен онымен қияға көтеріліп, Мен онымен тереңге түсемін де. Күйші бала өзінің Қысып ұстап қобызын, Міне, былай... Күй тартқанда керемет, Сызылта бір созып үн Тәрбиеші: - Ал, бабалар кәне, жұмбақ шешім көрейік: Ұзын мойын, екі ішек, Қатар-қатар тепкішек. Басып көрсен бір-бірлеп, Үн шығады күмбірлеп. Домбыра Бас, құлақ, мойны бар, Үп-үлкен шанағы бар. Әндетіп шығар әні бар, Бұл аспап, қай аспап? Қобыз Жеті ішектен жеті түрлі үн шығар, Әуезінен жеті тарау мұң шығар. Ойнап кетсең түрлі-түрлі жыр шығар, Бұл аспап,қай аспап?	Жаңа сөздермен танысады Мнемокесте бойынша әңгімелейді Балалар сурет салып, бояйды

	- - Балалар бейнефильм ұнады ма? - Қандай ұлттық ойындар туралы білдіңдер? - Алтыбақан, Ақсүйек, асық, сақина тастамақ - Ал, кәне балалар, сақина салу ойынын ойнап көрейік, жөңгеленіп отыра қалыңдар. - Ойын шарты: Бір ұл бала, бір қыз бала ортаға шығады. Басқалары екі қолдарын алдарына қойып, уыстап тұрады. Қыз сақинаны әр ойыншының уысына салғандай болып, барлық ойыншы айналып өтеді. Сонан соң ұл балаға: - Сақина кімде, тап! - дейді. Барлық ойыншы ұл балалар қарап, қуыстанғандай түр көрсетеді. Ұл бала өзі ұйғарғанынан: - Сақинаны бер! - деп сұрайды. Тапса, сақинаны ұстап отырған ойыншы өнер көрсетеді. Таппаса, іздеушінің өзі айып тартады. - Осыдан кейін ортаға келесі жұп, қыз бен жігіт шығады. Бұл ойында қыздар тек сақина салушы ғана болады. Іздеуші әр ойыншының алдын барғанда әзіл айтып, күлдіріп те жүруі керек. Сол әдіспен сақина ұстап отырғанды байқап, тауып алуы да ықтимал.	Балалар дөңгеленіп отырып бейнефильмнен көрген «Сақина тастамақ» ойынын ойнайды
--	--	--

	- Балалар, ұлттық ойындар туралы жұмбақ шешіп көрейік: Ат үстінде алысқан, Белуардан шешініп Бір - бірімен сайысқан. (Аударыспақ) Мініп алып арғымақ, Кедергілерден қарғымақ. (Ат спортшысы) Атпен қуып жеткен, Қашқан қызды өпкен. (Қыз қуу) - Төреғали Төреәлі – «Бәйге» (Әні мен сөзі: Ш.Сүлейменов)бейнефильм көрсету: https://www.youtube.com/watch?v=cW4GGZPOFfo - Кәне, бабалар, барлығымыз тұрып Бәйге әніне билеп. Сергіту сәтін жасайық, кеттік! Тайбурылдай жараған, Жал-құйрығын тараған, Жүйріктер тұр тыпыршып, Арғымаққа балаған. Міне, бәйге басталды, Шабандозым, бас қамшы!. Делебесі қозады, Бәйге десе жас-кәрі. Қиқулаған дауыстар, Жаңғыртады аспанды. Таң асырып бапталған, Кіл сәйгүлік мақталған. Шықты әне бір тұлпар, Қара үзіп аттардан. Дидактикалық ойын: «Ханталапай» - Тәрбиеші қоржыннан асықты шашады, асықта номер жазылады, асықта алған бала сұраққа жауап береді, немесе тақпақ, ән айтып береді.	
--	---	--

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Қазақ халқының билері
Мақсаты:	Балаларға Би сөзінің мағынасы мен билердің қызметімен және қазақ халқының билерімен таныстыру
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Ноутбук, билердің суреті .
Сөздік жұмыс:	Төле би. Қазыбек би, Әйтеке би
Билингвалды компонент:	Би, сот

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар шеңберге тұрып, төмендегі өлең жолдарын бірге қосылып айтады <i>Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз.</i>	Балалар бірге қосылып айтады
Ұйымдастыру іздестіру	-Балалар бұрынғы қазақ халқында ренжісіп, төбелесіп қалған тентектерді татуласытыратын, ақылын айтып жөнге салатын адамдар болған, оларды Би деп атаған. Қазақ халқында үш би болған. Олар: Төле би, Әйтеке би және Қазыбек би. Төле Әлібекұлы (1663 – 1756) – қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, Қазыбек, Айтеке бидің қолдауымен үш жүзге төбе би болып сайланған. - Балалар, Төле би бабамыздың мынадай жыр жолдары бар екен: Тәрбиеші оқиды, балалар қайталайды: Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі. Өзіне келер ұятын, Өзі біліп тұрса игі. Жаудан бұққан немені, Ортасына қуса игі! - Келесі ақылды, данышпан би- Әйтеке би бабамыз:	Балалар тәриеші әңгімесін тыңдайды, сұрақтарға жауап береді Сергіту сәтін бейнекөрініс бойынша орындайды. Жаңа сөздердің мағынасын түсінеді Диолог



Әйтеке Байбекұлы (1644 -1700 жж.) — қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері.

Тәрбиеші Әйтеке бидің жыр жолдарын мәнерлеп оқиды:

Алтын ұяң - Отан қымбат,

Құт береке – атаң қымбат,

Асқар тауың - әкең қымбат,

Мейірімді – анаң қымбат,

Туып өскен елің қымбат.



Қаз дауысты Қазыбек би, Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының XVII – XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері.

- Балалар, Қазыбек би бабамыздың мына өлең шумақтарын тыңдап көрейік:

Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз.

	Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. 3.Сөздік жұмыс Дос, дәм-тұз, найза сөздерінің мағынасын түсіндіру Рөлдік ойын: «Үш би» Әкесі: балам бір шыбықты сындырып көрші Төле би: оп-оңай сындырады Әкесі: енді бір уыс шыбықты сындырып көр Төле би сындыра алмайды. Тәрбиеші бұл оқиғаның мәнісін түсіндіреді. Татулық, достық, ынтымақ дегеннің не екенін түсіндіреді.	
Рефлексивті түзетушілік	«Алма ағашы» әдісі бойынша қорытынды жасату. Тақтаға алма ағашы суретін қойып, Балаларға қызыл,сары,жасыл алмаларды жапсырту арқылы өздерін бағалату Балаларды мақтау	Балалардың іс-әрекеті <i>Қызыл алма</i>-түсінбедім; <i>Сары алма</i>-біраз түсіндім; <i>Жасыл алма</i>-бәрін түсіндім

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	сұрақтарға толық жауап беруді;
Игерді	ертегіні мазмұнын,түсініп мазмұндауды;
Біледі	жақсы-жаман қасиеттерді ажыратуды.

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Ұлттық салт-дәстүрлер
Мақсаты:	Ұлттық салт-дәстүрлерге деген балалардың құштарлығын арттыру; өз ойын айта білуге төселдіру; балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту.
Көрнекілік, көрнекі құрал-жабдықтар:	Қазақ үй макеті, домбыра, қобыз суреттері
Сөздік жұмыс:	<i>Салт-дәстүр, шілдеhana, бесік той, тұсау кесу</i>
Билингвалды компонент:	Салт-дәстүр - традиции

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	«Хан талапай»ойыны бойынша балаларға халық, ел, ата-ана туралы мақал-мәтелдер айтқызу	Балалар қоржыннан шыққан асықтарды алады.

**Ұйымдастыру
іздігі**



- **Балалар, суретте ата не істеп жатыр?**
- Дұрыс, баланың тұсауын кесіп жатыр.
- Балалар мына әнді тыңдайықшы.
- Ән қосылады.
- «Тұсау кесу, сүндет той
Сырға салу бесік той
Айй, шіркін -ай»
- Балалар әнде не жайлы айтылды?
- Қазағымның дәстүрлері -ай дейді, демек қазақ халқының салт дәстүрлері жайлы айтылды.
- Қазір сендермен қазақ халқының салт - дәстүрлері жайлы бейнефильм көрейік.

Видео көрсету: сілтемесі

<https://www.youtube.com/watch?v=CvcVmDJgAiA>

1. Өлеңін оқу

2. Сұрақ-жауап

-Өлеңде не туралы жазылған?

-Ақын өз өлеңінде не дейді?

Сергіту сәті

«Ата-ананы тыңдаймыз»



YouTube

3.Сөздік жұмыс жасату

Салт-дәстүр, шілдеhana, бесік той, тұсау кесу - сөздерінің мағынасын ашу

Тәрбиеші өлеңді оқиды:

Қайта оралды қазағым бүгін дәстүрлері-ай.

Көптен күткен халқымыздың асығып арман еді-ай

Берекелі қазақ жері - ел мерекелі

Дәстүрлерін жоғалтпаған қазағымның бұл ежелгі.

Шілдеhana, бесік той,

Тұсау кесер, сүндет той,

Ай, шіркін ай.

ән тыңдайды

Сұрақтарға жауап
береді

Видео көреді

Бейнекөрініс арқылы
сергіту сәтін
көрсетеді

Жаңа сөздердің
мағынасын ұғынады

Дидактикалық ойын
ойнайды

	Құда түсіп, сырға салу, Беташарым-ай. Алтыбақан аясында сұлу бойжеткен, Қызбозбала кеңдаланы Әнімен елітіп тербеткен Ер жігітке жарасады озып шықса бәйгеден, Қыз балаға жарасады алқа шашбау сәукеле. Жоғалмасын дәстүріміз, ұмытылмасын, Ата-баба көзіндей қылып сактайық қазақ дәстүрін. -Өлеңді қайта оқу -Мазмұндату	Ән тыңдайды, билейді
Рефлексивті түзетушілік	«Қоржын» әдісі арқылы қорытындылау -Бүгін біз қандай өлеңмен таныстық? -Ол өлеңде ақын не туралы айтқан? -Қандай дәстүрлермен таныстық? Балаларды мақтау	Қоржын әдісі бойынша қорытады Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	сөздік жұмыстармен бойынша жұмыс жасауды;
Игерді	өлең мазмұнын;
Біледі	өздерін бағалауды.

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Ұлттық тағамдар
Мақсаты:	Балаларды ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу; Ұлттық тағамдардың жасалу жолы мен пайдасын түсіндіру,
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Суреттер: бауырсақ, құрт, қазы қарта суреті
Сөздік жұмыс:	Бауырсақ, қазы-қарта, құрт-ірімшік
Билингвалды компонент:	Салт-дәстүр-традиции, ұлттық ойындар- национальные игры

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Жақсылық көрсен біреуден, «Мен қандаймын» деп ойла, Жамандық көрсен біреуден, «Мен қандаймын?» деп ойла	Балалар тәрбиешімен қосылып брге айтады

Ұйымдастыру іздігіру	«Тойбастар» ойыны арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетті бастау «Адай» күйі қосылады. -Қыз балалар, табақшаларға құрт, бауырсақ салынған табақшаларды алып шығып, топтағы үстелдерге қояды? -Балалар, сендер ьойға бардыңдар ма? -Осындай тәтті тағамдар мен сыйлықтарды қай кезде алып шығады? -Бұл қандай дәстүр? -Тойбастар, дұрыс айтасындар? -Алдарындағы тойбастар табақшасында қандай тағамдар бар екен? - Бауырсақ, құрт -Бауырсақ та , құрт та қазақ хылқының ұлттық тағамдары. - Үйде аналарың ауырсақты қалай пісіреді? Кім айтады?  Тойбастар табақтағы бауырсақ дәмді ма екен? Бауырсақты қалай пісіреді? Кәне, бейнекөрініс көрейік: https://yandex.kz/video/preview/13362660503928365297 YouTube 3.Сөздік жұмыс <i>Қамыр, ұн, сүт, ашытқы</i>-сөздеріне сөздік жұмыстар жасату 4.Қайта түсіндіре отырып оқу 5.Мазмұндату -Топпен,кезектестіре 6. Рөлде сахналату Шығармашылық жұмыс Баурсақ ертегісін кім біледі?	Балалар Абайдың қандай ақын екендігін айтуға тырысады, көмек арқылы жауап береді. Балалардың жауаптары Балалар бауырсақты аналары ықалай пісіретінен әңгімелейді Мысалды тыңдайды Балалардың жауаптары Бейнекөрініс арқылы сергіту сәтін көрсетеді
--	---	--



Сахналайды

Мүсіндеу
жұмысын
орындайды

Бауырсақ ертегісін көрсету.

Бейнекөріністен кейін балалар ертегіні мазмұндайды.

Рөлдік ойын. «Бауырсақ ертегісі»

Бір шал мен кемпір болыпты. Бірде шал жалынып:

— Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші, — дейді.

— Неден пісірейін? Ұн жоқ қой.

— Әй, кемпірім-ай! Қойманың түбін қырнап көрсеңші, бауырсақтық ұн табылып қалар.

Кемпірі қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да, қаймаққа шылап, қамыр илеп, майға бауырсақ пісіреді. Оны терезенің алдына суытып қояды. Бауырсақ суып тұрып тұрып, бір кезде домалай жөнеледі. Домалап келіп терезе алдындағы орындыққа, орындықтан еденге, еденнен дәлізге, дәлізден аулаға, ауладан сыртқа, одан әрі домалай береді, домалай береді.



Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! — дейді.

— Қоян, сен мені жеме. Мен саған өлең айтып беремін, онан да соны тыңда.

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған.
Балқаймаққа шылаған,

Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым.
Қоян сенен құтылу
Қиын емес бұл маған!



Бауырсақ алға қарай домалай жөнеледі, қоян аңырап қала береді.

Бауырсақ орман ішіндегі соқпақпен зымырап бара жатса, қарсы алдынан қасқыр шыға келеді:

— Бауырсақ! Мен сені жеп қоям!

— Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

Бауырсақ әндете жөнеледі:
Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған.
Балқаймаққа шылаған,

Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,

Әжейден де құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқыр, сенен құтылу,
Қиын емес бұл маған!



Бауырсақ домалай жөнеледі. Қарсы алдынан
қорбаңдап аю шығады. Ол:

— Әй, Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! — дейді.

— Жоқ, сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін,
— деп жауап береді

Бауырсақ.
Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған.
Балқаймаққа шылаған,

Пісіріп маймен сылаған,
Суытып та сынаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқырдан да құтылдым,
Маймақ, сенен құтылу
Қиын емес бұл маған!

Бауырсақ домалай жөнеледі, аю оның ізіне үңіліп
қала береді.



	Бауырсақ зымырап бара жатса, қарсы алдынан түлкі шыға келеді: — Амансың ба, Бауырсақ! Көргендерге ұнайды, жүзің қызыл шырайлы! Бауырсақ мақтағанға мәз болып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса құмарта тыңдаған боп, қыбырын білдірмей, бауырымен сырғып, оған жақындай береді. Әжей қойма қырнаған, Екі уыс ұн жинаған. Балқаймаққа шылаған, Пісіріп маймен сылаған, Суытып та сынаған, Бауырсақпын зулаған! Атайдан да құтылдым, Әжейден де құтылдым, Қояннан да сытылдым, Қасқырдан да құтылдым, Аюдан да сытылдым, Түлкі сенен құтылу Қиын емес бұл маған! Әдемі өлең екен! — дейді түлкі. — Айналайын-ай, қартайған шағым ғой, құлағымның мүкісі бар. Кәне, менің мына тұмсығыма шық та, өлеңінді тағы бір шырқап жіберші. Бауырсақ өлеңін мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына қарғып шығады да: — Әжей қойма қырнаған — деп өлеңдете бастағанда түлкі бауырсақты «ап» деп бір-ақ асапты.	
Рефлексивті түзетушілік	-Балалар, бауырсақ ертегісін рөлдік ойын арқылы сахналайды.  -бәрін түсіндім;  -түсініп келемін,біраз түсіндім;  -түсінбедім; Балаларды мақтау.	Сұрақтарға жауап береді Балалар өздерін бағалайды

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	Ұлттық тағамдарды;
Игерді	Бауырсақтың жасалу жолын

Біледі	«Бауырсақ» ертегісін
--------	----------------------

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі - ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Ұлттық киімдер
Мақсаты:	Балаларды ұлттық киімдерді білуге тәрбиелеу; Ұлттық киімдердің түрлері мен пайдасын түсіндіру,
Көрнекілік, көрнекі құрал-жабдықтар:	Суреттер: тақия, сәукеле, шапан
Сөздік жұмыс:	тақия, сәукеле, шапан
Билингвалды компонент:	Салт-дәстүр-традиции, ұлттық ойындар- национальные игры

Сабақ кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Сабақ басы	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Балалармен амандасу, түгендеу. Басына ұлттық тақия киіп келеді. Балалар, мына менің басымдағы қандай бас киім? Дұрыс айтасындар, тақия. Ұлттық бас киімдердің ерлерге арналған, әйелдерге арналған бірнеше түрлері бар. ер	Тақия
ҮІӨ кіріспе	 <i>-Мынау қыздардың тақиялары, қалай безенділірген?</i>	Ою. Моншақтармен



*Мына тақияның төбесінде
қандай зат қадалған?*

Дұрыс, үкі?



*Үкі деген мынандай құс. Қазақ
халқы жас балалардың
бесігіне, қыздардың
тақиясына, домбыраға үкі
қауырсынын тағып қоятын
болған. Тіл-көзден,
жамандықтан сақтайды деп
ырымдаған.*

Бөрік - қалың тақиядан жасалған ұлттық бас киім. Бөрік киетіндері көбінесе жас балалар, жасөспірімдер, жастар. Бөріктің түрлері көп: қызыл, көк, ақ, қара, жасыл, сары, алтын, күміс, т.б. Бөріктің ортаңғы бөлігіне әдетте қызыл, көк, ақ, қара, жасыл, сары, алтын, күміс, т.б. бояулар қолданылады. Бөріктің астыңғы бөлігіне әдетте қызыл, көк, ақ, қара, жасыл, сары, алтын, күміс, т.б. бояулар қолданылады.



*Ал мына бас киім Бөрік.
Бөрікті ұл балалар да қыз
балалар да киетін болған*

ҮКІ



Балалар, мына суреттегі бас киім атауларын атап көріңдерші?



- Мына суреттегі бас киім қалай аталады, кәне, кім біледі?
Сәукелені кім киеді?
-Ұзатылатын қыз киеді

Бөрік

Тақия, тымақ, бөрік, қалпақ

Сәукеле

ҰІӨ ортасы	 Балалар, әже қандай бас киім киіп отыр? - Дұрыс, кимешек киіп отыр.	Кимешек
Жұптық жұмыс	 Балалар, бас киімдер туралы қандай тақпақтар, әндер білесіңдер? Балалар шеңбер құрып, әуенге билейді. Төреғали Төреәлі & Ұшқын Жамалбек – Тақия әнін қосу. https://yandex.kz/video/preview/12548196066503069814 Қайырмасын қайталайық: Тақи, тақи, тақия Киіз үймен копия Тақияңа тар келмес Киіп алсаң тақия Абай киген тақия Шәмші киген тақия Біз де киіп тақия Болайықшы мафия	

ҰІӨ соңы 	Балалар, бүгін біз қандай бас киім түрлерімен таныстық? Сабаққа белсенді қатысқан балларға тақия сыйға тартады.	Тақия, сәукеле, тымақ, кимешек, қалпақ
--	---	---

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Қасиетті Қазақстан
Мақсаты:	Елін, жерін, Отаныны құрметтеуге тәрбиелеу; Қазақстандағы киелі жерлер мен мәдени ескерткіштермен таныстыру
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Суреттер: Айша бибі, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі суреттері
Сөздік жұмыс:	Киелі жерлер: Арыстан баба, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі
Билингвалды компонент:	Салт-дәстүр-традиции, ұлттық ойындар- национальные игры

ҰІӨ кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті	Ресурстар
ҰІӨ басы	Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері: Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз әділдік, Ашық болсын көк аспан!  — Балалар, осы жақсы көңіл-күймен бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізді бастаймыз. Суретте қай жер бейнеленген?	Қазақстан	

	- Дұрыс, Қазақстан. Біздің жерімізде киелі жерлер өте көп. Қазір біз Түркістанға саяхат жасайық. Слайд көрету.		
ҮІӨ ортасы	 Қожа Ахмет Ясауи кесенесі — Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат.  Қарахан кесенесі - Қазақстанда 11 ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде. Кесене Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Ша-Махмуд Бұғра Қарахан қабірінің басына орнатылған.	Сұрақтарға жауап береді Әжеге көмектесіп жатыр Тапсырманы орындайды Әңгімелейді Балалар қайталайды	Презентация  



Айша бибі кесенесі — XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Жамбыл облысы Жамбыл ауданында Айша бибі ауылында орналасқан.

Билингвалдық компонент:

Тарихи ескерткіштер-исторические памятники, мұражай- музей, мәдени мұра- культурное наследие.

Педагог оқиды:



Қазақ жері

Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпеңдер!

Сергіту сәті:

Балалар өлеңді
қайталайды

	Даңғыраны ұр қатты, Дәл қайтала ырғақты. Тоғайда көп тоқылдақ, Үн естілді тоқылдап. Тоқ тоқ тоқ, Тоқ тоқ тоқ. Даңғыраны ұр қатты, Дәл қайтала ырғақты. Күн күркіреп жарқылдап, Бұршақ жауды сартылдап. Сарт сарт сарт сарт, Сарт сарт сарт сарт сарт. Жарайсыңдар! Рахмет!		
ҰІӨ соңы	Қорытындылау. Бүгінгі ҰІӨ үйренгенін, айтып береді.	ҰІӨ –не кері байланыс береді	

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент		
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар	
Тақырыбы:	Наурыз-жаңа күн	
Мақсаты:	Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру, салт-дәстүрлермен таныстыру, сөйлеу тілдерін, мәнерлеп айту дағдысын дамыту.	
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Наурыз тақырыбында мазмұнды сурет,магнитафон,лулли шеңбері, кубизм әдісі қысқы сурет каточкаларымен,	
Сөздік жұмыс:	Наурыз көже, бәйге, алтыбақан.	
Іс әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Тәрбиеші:кәне,балалар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізді бастамас бұрын бір-бірімізге жақсы тілектер арнайық <i>Сәлеметсің бе,Томирис,сен сүйкімдісің.</i> <i>-Сәлеметсің бе,Асанәлі,сен қайырымдысың.</i> <i>-Сәлеметсің бе,Айсана,сен ақылдысын.</i> <i>-Сәлеметсің бе,Қайрат,сен мейірімдісің т.с.с</i> жалғасып топ балалары бір-біріне жақсы жылы сөздер,тілектер арнайды.	Балалар шаттық шеңберде тұрып,бір-біріне жылы сөдер арнайды

Ұйымдастыру іздігі	Кіріспе Психологиялық сәт. Көктем келді, көктем келді далама, Қуанып жүр ата – ана да, бала да. Біздің үйге ұя салды, алақай, Былтыр кеткен қарлығаштар тағы да. Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады. Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады. -Балалар, сендерге өлең ұнады ма? Кіріспе әңгіме. -Бүгінгі оқу іс – әрекетінде жалпы «Наурыз мейрамы» туралы әңгімелейміз. -Наурыз мейрамы – қазақтың көнеден келе жатқан салт – дәстүрі. Бұл – күн мен түннің теңелетін кезі. Наурыз мейрамында қазан – ошақта ет пісіріліп, дастархан жайылып, адамдар бір – бірімен құшақ жайып қауышады. Қазақтың ұлттық ойындары ойналып, наурызкөже ішіледі. Мал төлдеп, қозы – лақ жамырайды. Адамдар бір – біріне жақсы тілектер айтып, игі ниеттерін білдіреді. Сұрақ – жауап. -Наурыз мейрамында қандай дәстүрлі ас пісіріледі? -Қандай ұлттық ойындар ойналады? Сергіту сәті(күш сынасу ойынын ойнату) -Балалар, көне, отырған орнымызда бір – бірімізге бұрылып, білек сынасу ойынын ойнайық.Суретпен жұмыс Қоңыр күз бен қыстың суретін салытыра әңгімелету -Суретте не бейнеленген? -Неге ондай түстерді алған? -Табиғат қандай күйге енген?	Балалар жыл ағашының белгілерін қояды Балалар сұрақтарға жауап береді Күз бен қыстың арасындағы өзгеріс жайлы түсінік алады. Суретпен жұмыс жасайды Өлеңді тыңдайды Жауаптары тыңдалады Қимыл -қозғалыс жасайды Жаңа сөздердің мағынасын түсінеді Сипаттау арқылы жыл мезгілінің өзгерістерін атайды
--------------------------------------	---	---



?

-Қай жыл мезгіліне арналады?
-Неге олай атаған? (түсінік беру)

Сергіту сәті

-Наурыз мейрамы – қазақтың көнеден келе жатқан салт – дәстүрі. Бұл – күн мен түннің теңелетін кезі.

Наурыз мейрамында қазан – ошақта ет пісіріліп, дастархан жайылып, адамдар бір – бірімен құшақ жайып қауышады.

Қазақтың ұлттық ойындары ойналып, наурызкөже ішіледі. Мал төлдеп, қозы – лақ жамырайды. Адамдар бір – біріне жақсы тілектер айтып, игі ниеттерін білдіреді.

Сұрақ – жауап.

-Наурыз мейрамында қандай дәстүрлі ас пісіріледі?

-Қандай ұлттық ойындар ойналады?

Сергіту сәті(күш сынасу ойынын ойнату)

-Балалар, кәне, отырған орнымызда бір – бірімізге бұрылып, білек сынасу ойынын ойнайық.

Рефлексивті түзетушілік

«Ыстық доп» арқылы қорытындылау
Смайликтер арқылы балаларға өздерін бағалату:



-мен бірін түсіндім;



-мен түсінбедім;

Балаларды мадақтау.

Балалар өздерін бағалайды

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	сурет бойынша әңгімелеуді;
Игерді	салт – дәстүрді құрметтеуді
Біледі	«Наурыз мейрамы» туралы түсініктерді

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	А.Құнанбаев «Қыс» өлеңі
Мақсаты:	Балалардың қысқы табиғат сұлулығына деген сезімдерін тәрбиелеу; Абай өлеңінің негізгі идеясын ашу,қыстың қатаң көріністерін түсіндіру;сөйлеу тілдерін, мәнерлеп айту дағдысын дамыту.
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Қыс тақырыбында мазмұнды сурет,магнитофон,лулли шеңбері, кубизм әдісі қысқы сурет каточкаларымен,
Сөздік жұмыс:	Үскірік,бөрік,оқшырайтып,шидем, ұшпа, ажарланды,долданды
Билингвалды компонент:	Қыс-зима,табиғат-природа

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық алаңы Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.	Балалар қосылып айтады
Ұйымдастыру іздестіру	Жұмбақ шешеміз Шанамен зырлап желетін Шаңғы,коньки тебетін Аққала жасап ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? Кіріспе:  Балалардың көңілін суретке аудару. -Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? -Қыс айларын атап беріңдерші? -Қыстың белгілерін атап беріңдерші? -Қыста қандай мерекелер болады? -Қыста не жауады? -Қыста табиға қалай өзгереді?	Қыс мезгілі Қыс Қыс айларын атайды Жауаптары Мерекелерді атайды Ақ киімді,денелі, ақ сақалды, Соқыр мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. Демалысы - үскірік аяз бен қар, Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды. Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,

	-Балалар Абай Құнанбаев осы жылдың төрт мезгілін жырлаған лирик ақын. Табиғат туралы жазған адамды лирик дейміз. Балалар естеріңе түсіріңдерші, Абай аталарыңның қандай жыл мезгілі жайлы өлеңін өттік? Бүгін біз сендермен Абай Құнанбаевтың «Қыс» өлеңін өтеміз 1.А.Құнанбаев «Қыс» өлеңін оқу (магнитофоннан тыңдату) 2.Мәтінмен жұмыс. Сұрақ-жауап арқылы мазмұнын ашу -Өлең қай жыл мезгілі жайлы? -Ақын қыстың келген қалай білдіреді? -Ақсақалды адамға не себепті теңейді? -Қыстың келгенін абай қалай жеткізе білді? Сергіту сәті Қыс келді, алақай! Ақ күміс қар жауды. Ағаштар, бұталар, Ақ қарға оранды. <i>Үскірік, бөрік, оқшырайтып, шидем, ұшпа, ажарланды, долданды-сөздеріне сөздік жұмыс жасап мағынасын түсіндіру.</i> «Лулли шеңбері» әдісі арқы қыс мезгілін әңгімелету 1-шеңберге қыс белгілерін көрсетеді; 2-шеңберге қыста киетін киімдерді;	Аязбенен қызарып ажарланды. Бұлттай қасы жауып екі көзін, Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды. Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда, Алты қанат ақ орда үй шайқалды. Өлеңді мұқият түсіне тыңдайды Сұрақтарға көмек арқылы жауап береді Бойларын сергітеді Жаңа сөздердің мағынасымен танысады Лулли шеңберімен жұмыс жасайды.
Рефлексивті түзетушілік	«Кубизм» әдісі арқылы қорытындылау 1-бүгін не өттік? 2-өлеңде ақын қысты кімге теңеді? 3-өлеңде шалдың мінезі қандай? 4- неге соқыр-мылқау деді? 5-қыстың түр-түсі қандай екен? 6-малшы мен балалар жайлы не дейді? Балаларды мадақтау.	Балалар сұрақтарға түсінгендері бойынша жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	сурет бойынша әңгімелеуді;
Игерді	А.Құнанбаев «Қыс» өлеңінің мазмұнын;
Біледі	тапсырмаларды орындауды.

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	«Есек пен бұлбұл» мысалы
Мақсаты:	Мысалды тыңдата отырып, адамгершілік қасиеттерін бойға сіңіру;өлеңнің идеялық мазмұнын ұғындыру; мәнерлеп айта білуге үйрету; сөйлеу тілін арттыру.
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Есектің, бұлбұлдың суреттері
Сөздік жұмыс:	Әнші, бұлбұл құс, есек
Билингвалды компонент:	Сатиралық шығарма

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Жолыққан бар жандарға, Амандасып,ақ пейілмен «Сәлеметсіздер ме!»-деймін мен. -Сен әдептісің, Сен мейірімдісің, Сен қамқорсың, Сен ақкөңілсің, Ал сен шыншылсың,-осылай жалғасады.	Балалар бірге қосылып айтады
Ұйымдастыру іздестіру	-Балалар есек қандай жануар? - Есек үй жануары ма, жабайы жануар ма? -Ал, бұлбұл құс қандай құс? - Ол қалай сайрайды? Ондай болса бүгін есек пен бұлбұл туралы Абай атамыздың мысалымен танысамыз:  Сергіту сәті Енді біз демаламыз, Айналаны шоламыз Қол-аяқты кезекпен, Оңға-солға созамыз. Күн шыққанда сүйініп, Бәйшешектей иіліп,	Өлеңді тыңдайды Сұрақтарға жауап береді Тойған есек шөпті оттап маңайдағы Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы. Тентіреп өлкені өрлеп келе жатып, Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы. Сенбісің ақын бұлбұл, жаңа көрдім, Атыңа жұрт мақтаған құмар едім.

Біз тынығып аламыз.
Жиі-жиі жаттығып,
Үлкен кісі боламыз.
3.Сөздік жұмыс
4.Қайта оқу
5.Бірге айту,қайталау



-Әтеш қандай құс?
- Әтештің дауысы жағымды ма?

Бір сайрап берсең,
қалқам, өзім естіп,

Рас па екен жұрттың сөзі,
сынар едім.

Өнерге салды бұлбұл
сонда аңыратып,
Шыңғыртып,
шымырлатып,
сорғалатып,
Мың түрлі күйге салып
толқынтады,
Маңайда жан біткенді
таңырқатып.

Қой жатыр, қойшы
тыңдап тұрды елбіреп,
Көзіне қып-қызыл боп
жас мөлдіреп.
Жел соқпай, құс
шуламай, бәрі жым-
жырт,
Әнге көңіл жіберіп тұрды
елжіреп.

Бұлбұл болды, тосып тұр
есек сөзін,
Есек жерге қаратып екі
көзін:

"Іш пыспай-ақ
тыңдарлық бар екенсің,
Әттегене-ай, білмепсің
әтешті өзің!

Екенсің ән салуға сен-
дағы епті,

Сен біраз әтеш әнін
үйрен!"— депті.

Жаңа сөздердің
мағынасын түсінеді
Өлеңді жаттайды

Рефлексивті түзетушілік	«Ашық микрофон» әдісі арқылы қорытындылау Микрофон арқылы балалардан сұхбат алу: -Бүгін қандай өлеңмен таныстыңдар? -Ол өлеңде не жайлы айтылған? -Сатира дегенді қалай түсінесіңдер? -Абайды қандай ақын дейміз? Балаларды мадақтау.	Жауаптары тыңдалады

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	сұрақтарға толық жауап беруді;
Игерді	өлең сөзін мазмұндауды, жаттауды;
Біледі	өз ойларын айтуды.

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Әдеби викторина
Мақсаты:	Балаларды білім құмарлыққа тәрбиелеу; әдеби жанрларды ажырата білуге үйрету, жұмбақтарды шешуге, сүйікті ертегі мен әңгімелер тани білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін дамыту.
Көрнекілік, көрнекі құрал-жабдықтар:	Ұшқыш кілем, үкі, фишкалар, ноутбук, сиқырлы сандық, алтын жұмыртқа, тәттілер.
Сөздік жұмыс:	Ұшқыш кілем
Билингвалды компонент:	Алтын жұмыртқа-золотое яйцо, тәттілер-сладости

Іс әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Армысың асыл күн, Армысың асыл жар, Амысың көк аспан, Армысың достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым!	Балалар қол ұстасып бірге айтады. Күлімдеп алақандарының жылулықтарын сезінеді.
Ұйымдастыру іздестіру	Кіріспе -Балалар ғажайыптар әлемінде алтын жұмыртқа бар. Ал сол жұмыртқаны ешкім ала алмай жүр екен. Онда ақылды үкі мекен етеді екен. Ақылды үкінің тапсырмасын орындаған адам ғана сол алтын жұмыртқаны алса керек. Бірақ ешкім әлі күнге дейін ала алмапты. Оны тек қана білмділер алады екен. Сол жаққа саяхатқа барғыларың келе ме?	Балалар қызығушылық танытады

	Ұшқыш кілеммен саяхат -Ендеше бәріміз ұшқыш кілемге отырайық та,көзімізді жұмайық(музыка әуені ойналады) -Көзімізді ашайық. Балалар біз міне ғажайып-тар әлеміне келдік. Мұнда біз қызықты оқиғаға тап болуымыз мүмкін(Алдарынан үкі шығады) -Сәлеметсіңдер ме! -Мен Ақылды үкімін. Сендер алтын жұмыртқа-ға келдіңдер ме? -Сиқырлы сандық тапсырмаларын орындасаң-дар ғана алтын жұмыртқаны ала аласыңдар. - Дайынсыңдар ма? -Жақсы.Сендер бұл жерге мына суретті фиш-калар арқылы кіре аласыңдар.Ол сендердің ғажайыптар әлеміне кіретін билеттерің болады. Балалар «Күн» және «Жұлдыз» болып екі топқа бөлінеді. Сиқырлы сандық тапсырмалары «Күн» тобы 1.Қазақтың ұлы ақыны кім? 2.Оның қандай шығармалары бар? «Жұлдыз» тобы 1. Оның қандай өлеңдерін білесіңдер? 2.Абай кімнің мысалдарын аударды? Үкі: Енді бойларыңды сергітіп алыңдар.  YouTube Абайдың қай шығармасында айтылған «Күн» тобы 3. Сенде бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та,бар қалан! 4. Ақ киімді денелі,ақ сақалды, Соқыр,мылқау,танымас тірі жанды. 5. Өз-өзінен бір бақа, Күшенді де,бөртінді. «Жұлдыз» тобы 3. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол. 4. Білмеймін тойғаныма,тоңғаныма Жылқы ойнап, бие қашқан,тай жарысқан. 5. Аямастан қарқ етті, Ірімшік жерге салп етті. Мақал-мәтелдер сайысы Өнер,білім,еңбек туралы мақал-мәтелдер	Балалар сиқырлы кілеммен саяхатқа аттанады Фишкалармен екі топқа бөлінеді Абай Құнанбаев Жауаптары Әртүрлі жауаптар Пушкиннің Балалар бейне әуен арқылы сергіту сәтін орындайды Әсемпаз болма әрнеге «Қыс» өлеңі Бақа мен өгіз Ғылым таппай мақтанба «Күз» өлеңі Қарға мен түлкі Мақал-мәтелдер айтады
--	---	--

	Үкі: Балалар сиқырлы сандықтың барлық тапсырмаларын орындадыңдар. Алтын жұмыртқа сендердікі (балалар алып қоштасып,кілемге отырып қайтады).	Алтын жұмыртқаны алады
Рефлексивті түзетушілік	Қорытындылау -Балалар біз қайда бардық? -Онда не үшін бардық? Алтын жұмыртқаны қалай алдық? Қандай тапсырмалар орындадық? Ал енді алтын жұмыртқаны ашайық,ішінде не бар екен? (ашады,ішінен тәттілер шығады) Балаларды мақтау.	Балалар сұрақтарға жауап береді Тәттілер жейді

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	сұрақтарға жауап беруді;
Игерді	өткен тапсырмаларды есте сатап,айтып бере білуді;
Біледі	тапсырмаларды орындауды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы №14

Варативтік компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Абай- дана ақын бабамыз
Мақсаты:	Ұлы ақынға құрметпен қарауға тәрбиелеу. Абай Құнанбаев өмірі жайлы және қаламызда Абай атында мектеп, көше,ескерткіші бар екенін айтып түсінік беру. Сөйлеу тілін дамыту.
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Абай портреті,Ноутбук,
Сөздік жұмыс:	дана,дара,ағартушы,кемеңгер,аудармашы
Билингвалды компонент:	ақын-поэт,жазушы-писатель,шығармалары-творчество

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер құру Күндей жарық,айдай арайлы, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық.	Балалар өлең сөзін бірге айтады
Ұйымдастыру іздестіру	Ноутбуктен баяу «Ата толғауы» күй ойналады. Өлең оқу: <i>Абай- дана,Абай-дара қазақта, Оқымаған ұлы Абайды қазақ па? Қазақ даңқын асқақтатқан әлемге, Абай теңдес ақын болмас қазаққа.</i> -Балалар өлеңде кім туралы айтылып тұр? -Абай туралы білесіңдер ме? (Абай Құнанбаевтың портретін көрсету)	Балалар өлеңді тыңдайды Сұрақтарға жауап береді

	-Бұл суреттегі қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев (<i>кысқаша түсінік беру</i>) -Абай Құнанбаевтың Семей облысы, Абай ауданы Шыңғыс тауының бауырында, Қасқабұлақ деген жерде дүниеген келген екен. Абайдың шын аты Ибраһим екен. Бірақ әжесі еркелетіп Абай,- деп атап кетсе керек. Абайдың әжесінің аты -Зере. Ол кішкентай кезінен әжесінің бауырында болып ертегі, әңгіме тыңдап, домбыра тартып өте зерек болып өседі. Абайдың әкесі-Құнанбай ел басқарған, ал анасы Ұлжан-өте мейірімді болған екен. Сергіту сәті Күндей жарқыраймыз (<i>қолдарын жоғары созады</i>) Құстай ұшамыз (<i>қолдарын екі жаққа созып, қағады</i>) Ағаштай жайқаламыз (<i>екі-жаққа кезекпен теңселеді</i>) Бұлақтай сылдырлаймыз (<i>алақандарын соғады</i>) Таза ауамен тыныстап (<i>терең тыныс алады</i>), Орнымызға отырамыз (<i>орындарына отырады</i>). Абай Құнанбайұлы ағартушы, композитор, аудармашы, оның көптеген шығармалары бар. Абай аталарың өздерің сияқты балаларды оқу-білімге, өнерге шақырған. Жат қылықтардан аулақ болып, әдепті болуды үйреткен. Бұл жөнінде көптеген тәрбиелі сөздері мен өлеңдері бар. Сөздік жұмыс <i>дана, дара, ағартушы, кемеңгер, аудармашы-</i> сөздеріне сөздік жұмыс жасау Кітап бұрышына саяхат -Балалар қараңдаршы мына сөреде нелер тұр? -Кітаптар көп пе? Аз ба? -Ал кітаптарды ашып қараңдаршы, кімнің кітаптары деп ойласыңдар? Иә, бұл кітаптардың бәрі Абай Құнанбаевтың кітаптары. Иә, бізге бұл көп. Бірақ бұл кішкене бөлігі ғана. Абай атаның кітаптары бұдан да көп. Өте көп. Көптеген үлкен шығармалары жазылған қалың кітаптары бар. Сендер ол кітаптармен кейін мектепке барған кезде, немесе есейгенде танысатын боласыңдар.	Абай портретімен танысады Абай өмірі жайлы түсінік алады Өлең сөзі бойынша қимыл-қозғалыс жасайды Жаңа сөздермен танысады Абай кітаптарымен танысады Иә Әртүрлі жауаптары
--	--	---

	-Балалар бізге оқу білім керек пе? -Не үшін керек? Балаларға оқу білім туралы мақал-мәтелдер айтқызу 1. Оқусыз білім жоқ 2. Оқу түбі – тоқу. 3. Оқу білім бұлағы, Білім өмір шырағы.	Мақал-мәтелдерді есте сақтауға тырысады, бірге қайталап айтады
Рефлексивті түзетушілік	«Бес саусақ» әдісі бойынша балалардың алған білімдерін бекіту. Бас бармақ-Мен бүгін не алдым? Балан үйрек-Маған не ұнады? Ортан терек-Мен кімге көмектестім? Шылдыр шүмек-Маған не қиын болды? Кішкене бөбек-Менің көңіл-күйім ... Балаларды мақтау.	 Бес саусақ» әдісі бойынша балалар алған білімдерін бекітеді

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	ақын жайлы
Игерді	Абай туралы түсінікті;
Біледі	мақал-мәтелдер айтуды, әңгімелеуді.

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативті компонент	
Білім бөлімі:	Тәрбие негізі - ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	А.Құнанбайұлы «Әсемпаз болса әрнеге» өлеңі
Мақсаты:	Балаларды өнер-білімге деген қызығушылықтарын ояту; Абай өлеңінің мағынасын түсіндіру; өлең сөздерін анық, дұрыс атқыза отырып тіл байлықтарын арттыру.
Көрнекілік, көрнекі құрал-жабдықтар:	Абай портреті, микрофон, магнитофон, ойын үшіп оқу құралдарының суреті
Сөздік жұмыс:	әсемпаз, әділет, қайрат, шапқат
Билингвалды компонент:	өлең-стихотворение, білімді - образованный

Іс әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	«Күлімдейік» - Балалар адам жанының, жүрегінің кілті біздің езуімізде. Егер біз үнемі достарымызға, ата - анамызға, апайларға күлімдеп, жадырап көңілді жүрсек біз мейірімді, ақылды болып өсеміз. Жан - жағымызға күлкі сыйлайық. Олай болса кел, балалар күлейік!	Балалар шеңберге тұрып бір-біріне күлімдеп қарайды
Ұйымдастыру іздестіру	- Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз өте ерекше болмақ. Сабаққа деген ынтамызды көтерейік.	

	Ойын: «Кім жылдам?» -Еске түсірейік өткенде не өттік? -Кімнің портретімен таныстық? -Абай кім? -Оның шын аты кім? -Абай кішкентайынан кімнің бауырында өсті? -Әжесінің аты кім? -Әжесінен не үйренді? -Әкесінің аты кім? -Анасының ше? -Абай балаларды неге шақырды? Балала бүгін сендермен Абай аталарыңның «Әсемпаз болма әрнеге!» атты өлеңімен танысамыз. 1.Магнитофоннан тыңдату -Өлеңді оқу 2.Сұрақ-жауап -Өлеңде не туралы айтылған? -Дүниеде өз орныңды тауып,не істе,- дейді? -Қайрат пен ақыл не үшін керек? -Адам баласына не керек екен? -Әділет пен мейірім болмаса не болады дейді? Сергіту сәті <i>Орнымыздан тұрамыз,</i> <i>Мойынымызды бұрамыз.</i> <i>Қолымызды көтеріп,</i> <i>Саусақты ашып жұмамыз.</i> <i>Одан сон төмен түсіріп,</i> <i>Алақанды соғамыз.</i> 3.Сөздік жұмыс <i>Әсемпаз,әділет,қайрат,шапқат</i>-сөздеріне сөздік жұмыстарын жасату. 4.Өлеңді қайта оқу 5. Балалармен бірге айту: -дыбыстарды дұрыс анық айтқызу; -әр сөзге тоқталып түсінік жасау; (екінші сағатта жаттату) Өлең 3 түрлі дауыста жаттату Баяу Орташа Қатты Дидактикалық ойын: «Не артық?» Шарты: Балаларға суреттер таратылады. Суреттер ішінен оқу-білімге қажетті заттарды атату. Артығын сызғызып тастату.	Балалар сұрақтарға жауап береді Өлеңді мұқият тыңдайды Жауаптары Қимыл-қозғалыс жасайды Жаңа сөздермен танысады Өлеңді жаттайды Балалар артық суретті сызады
Рефлексивті түзетушілік	«Ашық микрофон» әдісі арқылы қорытындылау Микрофон арқылы балалардан сұхбат алу: -Бүгін қандай өлеңмен таныстың? -Авторы кім?	Жауаптары тыңдалады

	-Ол өлеңде не жайлы айтылған? Балаларды мадақтау.	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	өлең сөздің мағынасын;
Игерді	өлеңді мәнерлеп айтуды;
Біледі	сұрақтарға толық жауап беруді

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Варіативті компонент

Білім бөлімі:	Тәрбие негізі -ұлттық құндылықтар
Тақырыбы:	Абай ауылына қонаққа бару
Мақсаты:	Ақын шығармаларына деген қызығушылық сезімдерін тәрбиелеу; Абай Құнанбаев жайлы түсініктерді кеңейту барысында жыл бойғы алған білімдерін бекіту; байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.
Көрнекілік,көрнекі құрал-жабдықтар:	Ұлттық нақышта безендірілген киіз үй,ноутбук,асықтар,микрофон
Сөздік жұмыс:	Молда,қожа,билер,шешен,медресе
Билингвалды компонент:	Ауыл-аул

Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер Көтеріліп шаңырақ, уықтары шаншылар, (қолдарын көтеру) Кергелер керіліп, (қолдарын екі жаққа созып) Өрімдей боп өрілер (бір-бірін құшақтайды) Бәріміз жүрсек айналып, киіз үй боп көрінер (шеңбер болып жүреді).	Балалар өлең сөздеріне қимыл-қозғалыс жасайды
Ұйымдастыру іздестіру	Кіріспе Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. -Балалар бұл кімнің өлеңі? -Абай аталарың туралы не білесіндер? -Қай жерде туған? -Әкесінің аты кім? -Анасының ше? -Ол кімнің бауырында өскен? -Әжесінің аты кім? Балалар, Абай ауылына қонаққа барғыларың келе ме? -Ендеше жүрейік. Міне, Абай ауылына да келдік.	Абай өлеңін тыңдайды Балалардың жауаптары тыңдалады Балалар қызыға қарайды

	(жабдықталған киіз үйге келеді, алдарында әже отырады) Әже: Амансыңдар ма, қарақтарым! Абайжанымның ауылына қош келдіңдер! -Келіңдер дастарханға отырыңдар. Дәм татыңдар. (Балалар дастарханға отырады) Тәрбиеші: Әже біз Абай туралы білсек, естісек деп келдік. Асанәлі: Абай ата бала күнінде қандай болды? Әже: Абай бала күнінен өте зерек болды. Айсана: Абай атаның шын аты Ибраһим екені рас па? Рас, оның атын Ибраһим. Мен еркелетіп Абай, - деп кеттім. Абай атымен бүкіл әлемге тарады. Бала кезінен ауылдағы молда, қожа, билер, шешен, ақын, әншілерге жақын үйір болып өсті. Қолын домбыра ұстап, ән айтты. Өзінің шығарған әндері де бар. Молдадан хат танып, медреседен оқып жүріп, орысша білім алады. Тәрбиеші: Ендеше Абай атаның «Желсіз түнде жарықай» (ноутбуктен тыңдайды) атты әнін тыңдайық -Ән не туралы? -Ауылдың табиғатын қалай суреттеген? Сөздік жұмыс: жапырақтар сыбырласып, тау жаңғырып, молда, қожа, билер, шешен, медресе-сөздерін түсіндіру. Қайрат: Абай ата неше жасында ел жұмысына араласты? Әже: 15 жасынан ел шаруасына араласып, 20 жасында нағыз шешен болды. Өткір тілді ел ішінде аты шықты. Ол орыс, араб, парысы, түрік тілдерін меңгеріп сол елдің әдебиетін білді. Абайдың орыс достары көп болды. Абайым көптеген өлеңдер жазды, ақын атанды. Оның өлеңдерін бәрі жаттап алып, бүкіл елге тарады. Ол айналасына өзгеше көзбен қарады. Жақсы мен жаманды ажыратты. Сол үшін көп күресті. Әже: Балалар, біздің ауылда той. Тойға дәл келдіңдер. Балалар би билеп көңіл көтеріңдер. Сергіту сәті: «Қара жорға»  «Қара жорға» YouTube	Балалар амандасады Балалар дөңгелек үстелдің айналасына жайғасады Балалар сұрақ қояды. Зере әженің Абай жайлы әңгімесін тыңдайды Жаңасөздермен танысады Зере әже әңгімесін мұқият тыңдайды Қара жорға биін билейді Иә, білеміз
--	--	---

	<i>Әже:</i>Балалар,сендер Абайдың өлеңдерін білесіңдер ме? <i>Тәрбиеші:</i>Біздің балалар Абайдың көптеген шығармаларымен танысып,өлеңдерін жатқа біледі. Крыловтан аударған мысалдарында біледі, қара сөздерімен де танысты. <i>Әже:</i> Ендеше керемет ақылды бала болдыңдар ғой.<i>(Балалар өздері білетін Абай өлеңдерін айтып береді)</i> <i>Әже:</i> Бәрекелді рахмет.Өркендерің өссін. Өздеріңдей балалар барда. Менің Абайымның аты еш ұмытылмайды. <i>Әже:</i> Ауыл балалары жиналып асық ойнауда. Сендерде қосылыңдар Ойын: «Асық ату» Шарты: Асықтарды тізіп қойып,сақа асықпен алыстан көздеп атады. <i>Тәрбиеші:</i> Ал әже сау болыңыз,біз қайтайық. <i>Әже:</i> Ал, жақсы аман-сау болыңдар. Жолдарың болсын.	Балалар Абай өлеңдерін айтады Әже сөзін тыңдайды Асық ату ойынын ойнайды Әжемен қоштасады
Рефлексивті түзетушілік	«Ашық микрофон» әдісі арқылы қорытындылау Микрофон арқылы балалардан сұхбат алу: -Бүгінбіз қайда бардық? -Бізді кім қарсы алды? -Абай бала күнінде қандай бал болған екен? -Ол кімдерге жақын болып өскен екен? -Қандай тілдерді меңгерген екен? -Ос саяхаттан сендерге не ұнады? Балаларды мадақтау.	Жауаптары тыңдалады

Күтілетін нәтиже:

Білу керек	өлең сөздерін анық айта білуді;
Игерді	Абайдың өмірі жайлы;асық ойынын;
Біледі	Абай өлеңдерін;

Оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы I.Қызығушылықты ояту 7 минут.	<i>Ұйымдастыру кезеңі:</i> 1.Сәлемдесу 2.Түгелдеу. 3.Жағымды орта қалыптастыру	Сәлемдесу. «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы балалар бір-біріне тілек айтады.	«Мадақтау» әдісі бойынша балаларды ынталандыру. Жарайсың! Жақсы! Тамаша!

	4.Топтастыру. - Балалар, бүгін біз Мұқағали атамыздың керемет өлеңімен танысамыз. Бейнефильм көрейік: Бейнефильм көрсету: Дереккөз: https://www.youtube.com/watch?v=oDr2_i8Aww4 - Өлең кім туралы екен? - Дос болу үшін қалай сыйласу керек екен? - «Достық» деген не? - Сыныпта кіммен доссыз?	«Санамалау» әдісі арқылы балалар үштікке саналады. 1-топ: 2-топ: 3-топ: Саралаудың «Топтастыру» тәсілі көрініс табады.	
	«Миға шабул» әдісі арқылы оқушыларға ой сұрақтарын қою. <i>Жетелеуші, түрткі, бағыттаушы, нұсқаушы сұрақтар қою арқылы балаға қолдау көрсетеді.</i> Тәрбиеші мәнерлер оқиды: Дос болам десең, Досымды сыйла, қымбаттым! Досыңа сонда, Досыммен ғана қымбатпын. Дос болам десең, Мендегі доспен достасқын, Сендегі доспен дос болып сонда тұрмақпын. Достарың көп пе? Апырау неткен жақсы едің? Досым аз менің... <i>Досым-ау менің, тапшы емін? Достарыңменен достастыр мені, асылым, Достастыр мені? Болайын құлың нақ сенің!</i>	Сұрақтарға жауап береді.  «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрініс табады. Суретке қарап әңгіме құрастырады.	Дескриптор баллы бойынша оқушылар өзін-өзі бағалайды. Достық туралы мақал-мәтел айтады

	Достыққа жүрмін, Достыққа жүрмін құмартып! Өлгелі жүрмін, Өзіме-өзім мін артып... Жауыздың барып, жанына уәзір болғаннан, Достардың барып, ауласында өлген мың артық. Досым, саған сенемін. Сеніп өтем! Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен. Достық деген - адамның көрігі екен, Достық деген ақылдың серігі екен.	«Ашық микрофон» ойыны Журналист «достық деген не?» деген сұрақты балаларға қояды.	
Сабақтың ортасы II. Мағынаны ашу 26 минут.		№1-тапсырма: «ДЖИГСО» әдісі арқылы арнай берілген мәтінмен жұмыс жасайды. Дескриптор: -Топ ішінде талқылайды. -Топтар арасында пікір алмасады. Достық туралы мақал- мәтел айту Жалпы-3 балл.	Дескриптор баллы бойынша оқушылар бірін-бірі бағалайды.

Вариативті компонент			
Тақырыбы:	«Бабаларым, рақмет сендерге!»		
Мақсаты:	Қазақ елін, жерін қорғап қалған бабалар ерлігі туралы тарихи деректер келтіре отырып өлеңнің мәнін түсіндіру.		
Көрнекілік, көрнекі құрал-жабдықтар:	Магнитофон, күз суреті, мнемокесте, сұрақтары бар карточкалар, мозайка		
Сөздік жұмыс:	Бабалар ерлігі, өнегелі ісі.		
Билингвалды компонент:	Қайсар -храбрый		
Іс әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті	Бағалау

Ұйымдастыру іздігі	Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі: 1. Балалармен амандасу, түгелдеу; 2. Көрнекі құралдарды сабаққа дайындау; 3. Балалардың зейінін сабаққа аудару;  - Балалар, біз бүгін Мұқағали атамды мынандай өлеңімен танысамыз. Бейнефильм тамашалайық, экранға назар айдарыңдар: Дереккөз: https://www.youtube.com/watch?v=cdtrOymoFAk - Балалар өлең не туралы екен? - Ақын не үшін Бабаларға рақмет айтқан? Тәрбиеші мәнерлеп оқиды: Бабаларым, Рақмет сендерге Балаларым болмасын деп көр-кеуде, Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің, Өмірге мен мылқау болып енгенде. Бабаларым, Рақмет сендерге! Жыраулардың жазбай кеткен жырларын, Арулардың айтпай кеткен сырларын, Қорқытыңның қорқынышты мұң-зарын, Қобызыңның шанағынан тыңдадым. Құлазыған сенің құла түздерің, Не білмеген, не көрмеген, ізгі елім. Жазылмаған тарихымның жолдарын, Ауызекі аңызыңнан іздедім. Мен білмеймін. Басыңа әлде орнап бақ,	Жауаптары Бейнефильм мазмұнын әңгімелеп береді Жаңа сөздермен танысады Сызба кесте бойынша өлең жолдарын қайталап айтады Балалар қажетті суреттерді магнитпен жапсырады. Қобыз, домбыра суреттерін.	ҚБ: Смайликтер арқылы бір- бірін бағалау. 
--------------------------------------	---	---	--

	Шаһар салып, жасадың ба жаннат-бақ. ...Әлдеқалай тасқа түскен таңбада Табынамын, тарихымдай ардақтап. Сыр ашпайды сенің құла түздерің, Сыр ашпайды тау-тастағы іздерің. Сенің бүкіл болмысыңның тағдырын, Домбыраңның пернесінен іздедім. Іздедім де, сәттерімде, түңілген, Тастап кеткен аңызыңа жүгінгем. Жүгінгем де, қайта туғам, тірілгем: Тарихымды жазудамын бүгін мен, Бабаларым, сенің Ана тіліңмен! ...Менің мына қайта туған күнімде, Сөйле, оркестр, дүрілде бір, дүрілде! Сөйле, Моцарт, менің Ана тілімде, Сөйле, Данте, менің Ана тілімде. Мазмұндық талдау: - Қорқыт деген кім? - Қобыз деген қандай аспап? - Домбыра деген қандай аспап? - Аңыздар, ана тіл үшін неге «Рақмет» айтады Өлең мағынасын талдау 3.Сөздік жұмыс <i>Қобыз, аңыз, домбыра, Данте, Моцарт</i> 4.Мнемокестемен жұмыс Екінші сабақта өлеңді жаттату Дидактикалық ойын: «Батырлар шежіресі» Шарты: Тақтада жапырақсыз ағаш. Балалар сол ағашқа апарып батырлардың суретін іледі.		
--	--	--	--

Рефлексивті түзетушілік	-Балалар бүгін біз М. Мақатаевтың қандай өлеңімен таныстық? «Күн мен бұлт» әдісі арқылы қорытындылау  -кім түсіне алмады?  -не ұнады?  -кім бәрін түсінді? Балаларды мақтау.	Балалар өздерін бағалайды	
--------------------------------	---	----------------------------------	--

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілова З. «Этнопедагогика».-А., 1997ж.
2. Игенбаева Б.Қ. «Бастауыш сыныптарда жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі». А:Радиал., 2005-54 бет
3. Қожагелдиева С.С. «Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу». – Түркістан, 2007. – 36-б.
4. Пазылова Қ., Паштанов С. «Халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбие.- «Бастауыш мектеп», 2007, №10-11б.-34б.
5. Мұқанов С. Халық мұралары. Алматы: «Қазақстан» , 1994ж.
6. Қожахметова Ж., Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы, 1993
7. Табылдиев Ә. Тәрбие өрнектері. Алматы, 1989.
8. Ахметов Ш. Қазақ балаларын халық дәстүрлері арқылы тәрбиелеу, 1966
9. Қыдырова.Э.С,Медалиева.С.Л.Әдістемелік нұсқаулар.Шымкен:Шикүла және К,2012ж-114 б
10. Қанапиянов.Б,Хабдина.Б.Абай. Алматы:Жібек жолы,2019ж- 487 б
11. Ахметов.З,Қирабаев.С,Қасқабасов.С.Абай. Астана:Фолиант,2011ж-400 б
12. Құл-Мұхаммед.Р.А. Сен де бір кірпіш дүниеге. Алматы:Атамұра,2014ж-288 б
13. Толегенова, А. Б. Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу / А. Б. Толегенова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2015. — № 7.2 (87.2). — С. 64-65. — URL: <https://moluch.ru/archive/87/17229/> (дата обращения: 16.04.2023).

Авторлар туралы мәлімет



Уалиева Балжан Досанқызы,
Алматы облысы, Қонаев қаласы
«Ақдидар» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Аяғанова Айгерім Абайқызы,
Алматы облысы, Қонаев қаласы
«Ақдидар» бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешісі

